

Жаңашыл ұстаз-цифрлы әлемді» тақырыбындағы бастауыш кластар әдістемелік бірлестігінің апталығы

«Келісемін»

ДӘДЖО  Г.М.Сатыбалдина

«Бекітемін»

Мектеп директоры

А.С.Джамбулова



2025-2026 оқу жылының 08.12-12.12.2025ж аралығында «Жаңашыл ұстаз - цифрлық әлемде» тақырыбында өтетін бастауыш сыныптар бірлестігінің апталық жоспары

Мақсаты: Бастауыш сынып оқушыларының танымдылық белсенділігі мен шығармашылығын дамытуға ықпал жасау. Өр оқушының жеке қабілеттеріне, мәдени және білім беру қажеттіліктеріне байланысты білім мен білім алуына қолайлы жағдайлар жасау. Оқушылардың оқу іс-әрекетіне, болмысты және өзін тануға деген қызығушылығын, функционалды сауаттылығын арттыру.

№	Өткізілетін іс шараның тақырыбы	Өтілетін формасы	Пәні	Сыныбы	Күні, уақыты	Жауаптылар
1	Апталықтың ашылуы	Жиын	Бастауыш сынып	1-4 сыныптар	08.12.2025 09.35	Бастауыш сыныптар ӘБ
2	Қызықты қоңырау	Логикалық сұрақтар, ойындар	Бастауыш сынып	0-4 сыныптар	08.12-12.12	Жасанова А.Ф. Балуанова Д.Ж.
3	Лепті сөйлем	Ашық сабақ	Қазақ тілі	2 «А» сыныбы	08.12.2025ж 14.20-15.05	Жонысова А.Т.
4	«Қыс ғажайыптары»	Сурет байқауы	Бейнелеу өнері	1-4 сыныптар	09.12.2025ж 10.00	Жасағанбергенова А.Н. Телеубай А.Е.
5	Дыбыстық талдау	Ашық ұйымдастырылған іс әрекет	Сауат ашу негіздері	мектепалды «Ә» сыныбы	08.12.2025ж 15.10-15.35	Бердибаева А.А.
6	Біз не үйрендік, не білдік?	Ашық ұйымдастырылған іс әрекет	Сауат ашу негіздері	мектепалды «А» сыныбы	09.12.2025ж 10.00-10.25	Мырзатаева З.Е.
7	"Өнім сенсің, жырым сенсің, Туған ел!"	Хор байқауы	Музыка	0-4 сыныптар	10.12.2025ж 12.00	Мырзатаева З.Е. Бердибаева А.А.
8	Тұрлаулы мүшелер	Ашық сабақ	Қазақ тілі	3 «А» сыныбы	09.12.2025ж 13.30-14.15	Жусипова Т.М.
9	Қандай көлік түрлері бар?	Ашық сабақ	Дүниетану	2 «Ә» сыныбы	09.12.2025ж 15.15-16.00	Ғазизова А.Қ.

10	Юю қосарлы дыбысы және әрпі	Ашық сабақ	Әліппе	1 «Ә» сыныбы	10.12.2025ж 08.50-09.35	Демеубаева Г.А.
11	«ОйLike»	Зияткерлік сайыс		3-4 сыныптар	11.12.2025ж 12.00	Жонысова А.Т. Ғазизова А.Қ.
12	1000 көлемінде көбейту және бөлу	Ашық сабақ	Математика	3 «Ә» сыныбы	10.12.2025ж 14.20-15.05	Балуанова Д.Ж.
13	Басқатырғыштар мен ребустар	Ашық сабақ	Математика	1 «А» сыныбы	11.12.2025ж 08.50-09.35	Жасағанбергенова А.Н.
14	Қос сөздер	Ашық сабақ	Қазақ тілі	4 «А» сыныбы	11.12.2025ж 09.45-10.30	Телеубай А.Е.
15	Табиғаттағы су айналымы	Ашық сабақ	Жаратылыстану	4 «Ә» сыныбы	12.12.2025ж 09.45-10.30	Жасанова А.Ф.
16	«Тәуелсіздік - ел ұраны» апталықтың жабылуына арналған мерекелік концерт.	жабылуы			12.12.2025ж 12.00	Жусипова Т.М. Демеубаева Г.А.


Ақтөбе қаласы №34 орта мектебінде 8-желтоқсан күні «Жаңашыл ұстаз-цифрлы әлемде» тақырыбында бастауыш кластар әдістемелік бірлестік апталығының ашылу салтанаты өткізілді. Мақсаты: Оқытудың инновациялық ақпараттық технологияларын пайдалана отырып, оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамыту, оқу үрдісін жетілдірумен қатар баланың шығармашылық қабілеттерін дамыту.



Мақсаты: Қозғалыс пен ойын элементтерін пайдалану арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, сергіту мен жағымды эмоциялық көңіл-күй қалыптастыру, сондай-ақ бір-біріне қолдау көрсететін ынтымақтастық және достық орта құру мақсатында апта бойы көңілді қоңыраулар ұйымдастырылды.



«Жаңашыл ұстаз – цифрлы әлемінде» атты апталығы аясында 08.12.2025 ж күні 2 “А” сыныбында «Лепті сөйлем» тақырыбында ашық сабақ өтті. Мақсаты: Білімалушылар мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтайды, тірек сөздерді қатыстыра отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрайды. Сөйлем түрлерін ажырату. Мәтіннен лепті сөйлемдерді табу. Сабақта ЖИ мүмкіндіктерін пайдаланылды. Білімалушылар сабаққа белсенді қатысты. Сабақ мақсатына жетті. Сынып жетекші А.Т. Жонысова



Бастауыш сынып апталығы “Жаңашыл ұстаз- цифрлық әлемінде”жоспарына сәйкес 1-4 сынып оқушылары арасында “Қыс ғажайыптары” атты сурет байқауы өткізілді.

Мақсаты:

- Оқушылардың қиял-ғажайып әлемін және эстетикалық талғамын дамыту;
- Қыс мезгілінің әсем көріністерін өз ойымен бейнелей білуге үйрету;
- Сурет салу дағдыларын жетілдіру, шығармашылық қабілетін арттыру;
- Оқушыларды өнерге қызықтыру, белсенділікке тәрбиелеу.



«Жаңашыл ұстаз – цифрлы әлемінде» апталығы аясында 0 «Ә» сыныбында «Дыбыстық талдау» тақырыбында ашық ұйымдастырылған іс-әрекеті өтті.

Тәрбиеші Бердибаева Алтынай Алмаскеновна өткізген іс-әрекет барысында балалар:

- табиғат туралы мультфильм көріп, судың тартылуы мен ластануы мәселесін анықтады;
 - дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату үшін «Қызыл» және «Көк» сандықтармен жұмыс жасады;
 - суреттерді атап, дыбыстық талдау жасап, буынға бөлді;
 - «Тамшылар» тапсырмасында цифрларды нүктелермен сәйкестендіріп, буын сызбасын толықтырды;
 - графикалық жұмыс орындап, өзенді толқын сызықтарымен «тазалап», қоқыстарды жою арқылы табиғатты қорғау идеясын бекітті.
- Балалар белсенді, қызығушылықпен қатысып, дыбыстарды ажырату мен буынға бөлу дағдыларын нығайтты.



Бастауыш сынып апталығы «Жаңашыл ұстаз-цифрлық әлемінде» жоспарына сәйкес «Әнім сенсің, жырым сенсің, Туған жер!» атты 0–4 сыныптар арасындағы патриоттық хор байқауы өткізілді.

Байқауды 0 «Ә» сыныбының тәрбиеленушілері — Абат Даяна мен Жеңісбек Аяла жоғары деңгейде жүргізіп шықты.

Байқаудың мақсаты: Балалардың туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, отансүйгіштік рухты қалыптастыру және бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Бастауыш сынып оқушылары үлкен дайындықпен келіп, өз өнерлері арқылы патриоттық рухы биік екенін көрсетті.



“Жаңашыл ұстаз-цифрлық әлемде” тақырыбындағы бастауыш кластар әдістемелік бірлестік апталығының жоспарына сәйкес 3”А” сыныбында қазақ тілі пәнінен “Тұрлаулы мүшелер” тақырыбында ашық сабақ өткізілді. Сабақ ЖИ мүмкіндіктері пайдаланылды. Сабаққа оқушылар белсене қатысты. Сабақ мақсатына жетті. Пән мұғалімі: Жусипова Т. М.



“Жаңашыл ұстаз-цифрлық әлемінде” атты апталығы аясында 09.12.2025 ж күні 0”А” сыныбында “ Біз не үйрендік, не білдік?” тақырыбында ашық ұйымдастырылған сауат ашу негіздерінен іс-әрекет өтті. Мақсаты: Дыбыстық талдау, одан әрі жетілдіру. Сөздерді буынға бөле алу дағдыларын бекіту. Тақырыпқа сай дидактикалық ойындар арқылы дыбыс, дыбыстық талдау туралы алған білімдерін пысықтау. Доппен ойнау арқылы сөйлем құрау, шапшаңдық, төзімділік қасиеттерін дамыту.




“Жаңашыл ұстаз-цифрлық әлемде” тақырыбындағы бастауыш кластар әдістемелік бірлестік апталығының жоспарына сәйкес 1”Ә” сыныбында әліппе пәнінен “Ю дыбы мен әрпі” тақырыбында ашық сабақ өткізілді. Мақсаты: сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрау, ю әрпінің ерекшелігін түсіндіру. Жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу талаптарына сай жазу. Пән мұғалімі: Демеубаева Г.А



“Жаңашыл ұстаз-цифрлы әлемде” тақырыбындағы бастауыш кластар әдістемелік бірлестік апталығының жоспарына сәйкес 3-4 сынып оқушыларына “OiLike” зияткерлік сайыс өткізілді. Сайысқа әр сыныптан 2 оқушыдан қатысты. Сайыс 4 кезеңнен тұрды. Зияткерлік сайысқа оқушылар белсенді қатысты.

“БАС ЖҮЛДЕ” иеленген 3”А” сынып оқушысы Ораз Айлин
 I орын иегері 4”А” сынып оқушысы Мұханбетсапина Сабира
 II орын иегері 4”Ә” сынып оқушысы Серғазы Нұрхан
 III орын иегері Қалдыбаев Алмас
 Жеңімпаздарымызды құттықтаймыз



Ұйымдастырушылар Жонысова А.Т., Ғазизова А.Қ. “Жаңашыл ұстаз- цифрлық әлемде” атты бастауыш сыныптар апталығының жоспарына сәйкес 1”А” сыныбында математикадан “Басқатырғыштар мен ребустар” тақырыбында ашық сабақ өткізілді. Сабақ барысында түрлі басқатырғыштар, ребустар шешіліп, жеке және топтық жұмыстар жүргізілді. ЖИ мүмкіндіктері қолданылды. Сабаққа оқушылар белсенді қатысты. Сабақ мақсатына жетті. Сынып жетекшісі А.Н. Жасағанбергенова



Жаңашыл ұстаз-цифрлы әлемде"тақырыбындағы бастауыш кластар әдістемелік бірлестік апталығының жұмыс жоспарына сәйкес 3"Ә" сыныбында математика пәнінен "1000 көлемінде көбейту және бөлу" тақырыбында ашық сабақ өткізілді. Сабақта ЖИ мүмкіндіктері пайдаланылды. Сабаққа оқушылар белсене қатысты.Сабақ мақсатына жетті. Пән мұғалімі: Балуанова Д.Ж



Бастауыш сынып апталығы “Жаңашыл ұстаз – цифрлық әлемінде” апталығының жоспарына сәйкес 4 “А” сыныбында қазақ тілі пәнінен “Қос сөздер” тақырыбында ашық сабақ өткізілді. Сабақтың мақсаты: оқушылар тірек сөздер мен жоспарды пайдалана отырып, диалог құрауды және күрделі сөздерді ажыратуды үйренеді. Сабақ мақсатына жетті, оқушылар түрлі қызықты тапсырмаларды орындап, ЖИ мүмкіндіктерін пайдаланды.Пән мұғалімі: А. Е. Телеубай



Бастауыш сынып апталығы “Жаңашыл ұстаз – цифрлық әлемінде” апталығының жоспарына сәйкес 4 “Ә” сыныбында жаратылыстану пәнінен “Табиғаттағы су айналымы” тақырыбында ашық сабақ өткізілді. Сабақтың мақсаты: оқушыларға табиғаттағы су айналымы туралы түсінік беру, судың булану, конденсация, жауын-шашын және жерге қайта түсу кезеңдерін меңгерту, судың табиғаттағы және тіршілік үшін маңызын ұғындыру. Сабақта ЖИ мүмкіндіктері пайдаланылды. Сабаққа оқушылар белсене қатысты.



“Жаңашыл ұстаз-цифрлы әлемде” тақырыбындағы бастауыш кластар әдістемелік бірлестік апталығының жоспарына сәйкес ҚР-ның тәуелсіздік күніне арналған «Тәуелсіздік-ел ұраны атты мерекелік концертті өтті. Мақсаты: оқушыларды патриоттыққа, Отансүйгіштікке, бабаларымыздың ерліктерін ұлағаттауға тәрбиелеу.

